

Ш. Құрманбайұлы*

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
*e-mail: sherubaykurmanbaiuly@gmail.com

САЯСАТКЕРДІҢ ТІЛДІК ПОРТРЕТІН АНЫҚТАУДАҒЫ ҚАРАТПА СӨЗДЕРДІҢ ОРНЫ (Ә. Бөкейханның саяси дискурсы негізінде)

Бұл мақалада XX ғасыр басында ірі саяси қайраткер Әлихан Бөкейхан қолданған қаратпа сөздер саяси дискурс тұрғысынан сөз болады. Кейінгі жылдары лингвистикада саяси дискурсты зерттеуге көбірек мән беріле бастады. Осы бағыттағы зерттеулерде саяси қайраткерлер тіліне талдау жасауға ерекше мән беріледі. Сол арқылы қоғамның саяси өміріндегі тілдің атқаратын рөлін және ел өміріндегі өзгерістердің тілден көрініс табуын, ұлт тілінің белгілі бір кезеңдегі қолданылу, даму деңгейін, саясаткер тілінің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік туындайды. Ірі саясаткер, көрнекті қайраткер, қазақ әдеби тілінің дамуына айрықша үлес қосқан алаш зиялысы Әлихан Бөкейхан тілін зерттеудің өзектілігі де осында. Ұлтын азаттық жолына бастап, оқығандарын, зиялы қауымды ұлттық ғылым-білімнің өрлеп-өркендеуіне жұмылдырып, елдің дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғаның тілдік портретін жасау өте маңызды. Қазақ тілінің ғылым тілі, саясат тілі ретінде қалыптасуы XX ғасыр басындағы Алаш кезеңімен тығыз байланысты. Ұлттық әдеби тілдің функционалдық стильдерінің дамуында бұл кезеңнің, сол уақытта еңбек еткен алаш зиялыларының алатын орны айрықша. Осы кезеңде бүкіл ұлт зиялыларына бас болған Ә. Бөкейхан сынды аса ірі саяси тұлғаның тілін зерттеу арқылы қазақ тілінің саяси дискурстағы қолданысын, ондағы қаратпа сөздердің алатын орнын айқындау зерттеудің негізгі мақсаты.

Түйін сөздер: Әлихан Бөкейхан, алаш, қаратпа сөздер, саяси дискурс, саяси коммуникация, дискурс-талдау, саяси портрет.

Sh. Kurmanbaiuly*

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: sherubaykurmanbaiuly@gmail.com

The role of vocatives in determining the language portrait of a politician (Based on the political discourse of A. Bukeikhan)

This article will examine the terms of address used by the prominent political figure Alikhan Bukeikhan in the early 20th century from the perspective of political discourse. Recently, linguistics has increasingly focused on the study of political discourse. Research in this area primarily concentrates on analyzing the language of political figures. This approach allows for an exploration of the role of language in political life, how changes in the country's circumstances are reflected in the language, its usage, and development during specific periods, as well as the distinctive features of individual politicians' language. The significance of studying the language of the alash intellectual Alikhan Bukeikhan, an influential politician and prominent figure who made a substantial contribution to the development of the Kazakh literary language, lies in his unique contribution. Creating a linguistic portrait of a person who initiated national liberation, mobilized the intelligentsia for the development and flourishing of science and education, and made a significant impact on the country's development is of utmost importance. The Alash period of the early 20th century was crucial for the establishment of the Kazakh language as a language of science and politics. The alash intelligentsia of that time played a key role in the development of functional styles of the national literary language. The main goal of the research is to determine how the Kazakh language was used in political discourse and the role of terms of address within it by analyzing the language of the prominent political figure A. Bukeikhan, who was the leader of the national intelligentsia during that period.

Keywords: Alikhan Bukeikhan, alash, appeals, political discourse, political communication, discourse analysis, political portrait.

Ш. Курманбайұлы*

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

*e-mail: sherubaykurmanbaiuly@gmail.com

Роль обращений в определении языкового портрета политика (на основе политического дискурса А. Бокейхана)

В данной статье будут рассмотрены слова обращения, использованные выдающимся политическим деятелем Алиханом Букейханом в начале XX столетия, с точки зрения политического дискурса. С недавних пор лингвистика стала уделять больше внимания изучению политического дискурса. В данном направлении исследований основное внимание сосредоточено на анализе языка политических деятелей. Таким образом, появляется возможность рассмотреть роль языка в политической жизни общества и то, как изменения в жизни страны отражаются на языке, уровне использования и развития национального языка в определенный период, а также изучить особенности языка отдельных политиков. Актуальность изучения языка алашского интеллектуала Алихана Букейхана, значимого политика и видного деятеля, который внес огромный вклад в развитие казахского литературного языка, заключается в его уникальном вкладе. Задача создания языкового портрета личности, которая инициировала национальное освобождение, мобилизовала интеллигенцию для развития и процветания науки и образования и внесла значительный вклад в развитие страны, является исключительно важной. Период Алаш начала XX века был ключевым для становления казахского языка как языка науки и политики. В развитии функциональных стилей национального литературного языка важное место занимала алашская интеллигенция того времени. Основная цель исследования – определить, как казахский язык использовался в политическом дискурсе и какое место в нем занимали слова обращения, путем анализа языка крупного политического деятеля А. Букейхана, который в тот период времени был лидером национальной интеллигенции.

Ключевые слова: Алихан Бокейхан, алаш, слова обращения, политический дискурс, политическая коммуникация, дискурс-анализ, политический портрет.

Кіріспе

Әлихан Бөкейхан ең алдымен саясаткер. Ол көп саясаткердің бірі емес, өз заманының озық білімін ала отырып, ұзақ уақыт жұртына үстемдігін жүргізіп, билеп-төстеп келген отарлаушы билікпен, әміршіл жүйемен халқының азаттығы жолында өмірінің соңына дейін асқан табандылықпен күрескен қайтпас қайсар мінезді саяси көсем. Оны саясат сахнасына алып шыққан кейінгі екі ғасыр бойы патшалық Ресейдің отары болғандықтан өз еркімен даму жолына түсе алмай бодандықта күн кешіп отырған халқының тағдыры.

Саясаткердің жүріп өткен өмір жолын, саяси қайраткер ретінде қалыптасу кезеңдерін, саяси ұстанымдарын, күрес жолын, күресу тәсілдерін, қателіктері мен жетістіктерін, тәжірибесі мен тәлім алған мектебін, жинақтай айтқанда бүкіл саяси қызметін саясаттанушы, әлеуметтанушы, тарихшы, қоғамтанушы ғалымдар өз тарапынан, аталған ғылымдар тұрғысынан зерттеп-зерделейді. Бұл тұрғыдан келгенде лингвистиканың, тіл мамандарының да саяси қайраткердің болмыс-бітімін, көзқарасы мен дүниетанымын, ой-өрісін мен пайым-парасатын танып-білетін, талдап-саралайтын қыры, атқаруға тиісті міндеті

бар. Ол – саясаткердің тілі. Саясаткердің саяси күресте пайдаланатын ең күшті, негізгі қаруы тіл болғандықтан, оның ауызша айтқан сөздерін, жазбаша мәтіндерін зерттеп, дискурс-талдау арқылы оның қайраткерлік болмысы мен тіл ерекшелігін анықтауға болады. Қазір лингвистикада саяси дискурс мәселесіне көп назар аударыла бастады. Мұндай еңбектерде ірі саясаткерлер тілін, саясаткер дискурсын зерттеуге, талдауға ерекше мән беріледі. Бұл тұрғыдан келгенде Алаш көсемі, ірі саясаткер Ә. Бөкейханды тілдік тұлға ретінде қарастырып, оның саяси дискурсын жан-жақты зерттеу өте маңызды. Сондай жұмыс жүргізілгенде ғана біз үлкен саяси тұлғаның тілдік портретін жасай аламыз.

Саяси дискурстың стратегиялық және тактикалық мақсаты болады. Саяси күрес жолындағы тұлғалар билікке қол жеткізу үшін немесе қолындағы билікті ұстап тұру, бар билігінен айрылмай үшін күреседі. Әлихан саяси күрес жолына түскен кезеңде қазақ жұрты патшалық Ресейдің боданы болды. Халқын сол бодандықтан азат ету үшін ол саясатпен айналысты. Кадет партиясына мүше болды, Ресей империясының мемлекеттік думасына депутат болып сайланды. Кадет партиясы ұлттық автономияға қарсы болғаны үшін оның құрамынан шығып, «Алаш» партиясын,

«Алаш Орда» үкіметін құрды. Алаш автономиясын жариялады. Яғни, алдымен азаттыққа қол жеткізу үшін, ал Алаш автономиясы жарияланғаннан кейін оны нығайтып, билігін сақтап қалу үшін күресті. Осы күрес жолындағы басты қаруы тілін саясаткер қалай пайдаланғанын оның жұрт алдында сөйлеген сөздерін, баяндамаларын, үндеулері мен мақалаларын саяси дискурс аясында арнайы зерттеп, сөз қолданыс ерекшеліктері мен түзген мәтіндерінің семантикалық, синтаксистік құрылымына дискурс-талдау жасау арқылы анықтауға болады. Мәселен, саясаткер тіліндегі қаратпа сөздерді, бағалауыш сөздерді, жазба мәтіндеріндегі кілт сөздерді, метафораларды және басқа да тілдік бірліктерді жеке-жеке қарастырып, дискурс-талдау жасау арқылы саясаткер тілінің бірқатар ерекшеліктерін танып-білуге негіз бар. Осы бағыттағы ізденістерді біз Ә.Бөкейхан қолданаған қаратпа сөздердің саясаткер дискурсындағы алатын орны, атқартын қызметі мен саяси коммуникациядағы рөлі жайын сөз етуден бастамақпыз.

Қаратпа сөздер адресатқа әсер ететін тілдік құралдардың бірі. Мұндай сөздерді өзіне ел назарын аударғысы келетін саяси тұлғалардың барлығы да қолданады. Сондықтан саясаткер тілін зерттегенде ерекше назар аударатын мәселенің бірі – оның халық алдына шығып сөйлегенде және халыққа арнап жазғанда, үндеу жасағанда қолданатын қаратпа сөздер. Саясаткердің бұл сөзінде де уақыт тынысы, халықтың сол кезеңдегі таным-түсінігі мен саяси-мәдени ахуалы және оның өзіндік сөз қолдану ерекшелігі көрініс табады. Ә.Бөкейхан саясат сахнасына шыққан уақыт ХХ ғасыр басы. Бұл кезеңде қазақ халқы көшпелі мәдениетінен қол үзе қоймаған, бір тілде сөйлейтін жұрт еді. Соған сәйкес саяси қайраткер де жұртына сол кезеңнің тілімен, сол уақыттың талабына қарай жүгінді.

Кез келген нәрсенің өзіндік ерекшелігі оны өзі тектес өзге зат, ұғым, құбылыспен салыстыру барысында жақсырақ байқалатыны белгілі. Соны негізге ала отырып, біз төменде ХХ ғасырдың үш кезеңінде саяси дискурста қолданылған қаратпа сөздерді салыстырып көреміз. Біріншісі – ХХ ғасыр басындағы алаш кезеңі, екіншісі – 1920-1991 советтік кезең, үшіншісі – 1991 жылдан бергі Тәуелсіздік кезеңі.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында Әлихан Бөкейханның 15 томдық шығармалар жина-

ғы, аударма еңбектері, түпнұсқа қолжазбалары, әлихантанушылар мен саяси лингвистика жанрының қалыптасу тарихын зерттеуші ғалымдардың монографиялары мен мақалалары, ХХ ғасыр басындағы көркем аудармалар, алғашқы қазақ кітаптарына жазылған алаш зиялыларының сын пікірлері, тарихи деректер, пайдаланылды. Жұмыста салыстырмалы, салыстырмалы-тарихи зерттеу, салыстыру, дискурс-анализ, талдау, сипаттау, қорытындылау әдістері қолданылды. Сондай-ақ жиырмамыншы ғасырдың екінші жартысындағы саяси лидерлердің сөздері ғасыр басындағы көшбасшының саяси лексикасымен салыстырылып зерттелгенде, Кеңес кезеңінде шыққан газет материалдары, архив деректері, Л.И.Брежнев, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы мен ҚР Президенттерінің баяндамалар жинақтары негізгі дереккөз ретінде пайдаланылды.

Әдебиеттерге шолу

1949 жылы Натан Лейтестің редакторлығымен Чикаго (АҚШ) университетінің профессоры әйгілі саясаттанушы, әлеуметтанушы Гарольд Лассуэлдің «Саясат тілі» (Lasswell H. D. Language of Politics) атты еңбегі жарық көрді (Lasswell, Leites, 1949: 398). Онда билік тілі, саяси тіл стилі, саяси ұрандар (Советтік Ресейдегі 1 май ұрандары) сияқты мәселелер сөз болады. Бұл еңбек саяси лингвистиканың бастауында тұрған еңбектердің бірі саналады. Одан кейінгі кезеңде Р. Водак, Д. Воттс, Дж. Лакофф, Т.А. Ван Дейк, Н. Хомский, К. Хаккер, Й. Хейзинга, Д. Хан және басқа да ғалымдар батыстың демократиялық елдеріндегі тілдердің коммуникативтік қызметін зерттеп, санаға тіл арқылы манипуляция жасалатындығын анықтады. Жалпы саяси лингвистика жеке ғылыми бағыт ретінде ХХ ғасырдың екінші жартысында пайда болды. Тіл ғылымындағы ең танымал тұлғалардың бірі Хомский де саяси лингвистика мәселесін айналып өтпеді. 80-жылдардың соңына қарай оның «Тіл және саясат» (Chomsky 1988: 815) атты көлемді еңбегі жарық көрді.

Ресейде А.Н. Баранов, Ю.Н. Караулов, А.П. Чудинов (Чудинов, 2003: 248), Е.И. Шейгал (Шейгал, 2000: 367) және басқа да бірқатар ғалымдар саяси лингвистика саласы бойынша зерттеулер жүгізді. Соңғы 20-30 жыл көлемінде Ресейде бұл бағыттағы ғылыми еңбектер, саяси дискурсты әр қырынан зерттеуге бағытталған диссертациялар саны едәуір артқаны байқала-

ды. Ал біздің елімізде саяси лингвистика бағытындағы зерттеулер өте аз. Қ. Есенова, И.Г. Оразбекова, Р.М. Таева, Л.Ж. Мұсалы сынды мамандардың оқу құралдары мен жекелеген мақалаларынан өзге еңбекті кездестіре алмадық.

Нәтижелер мен талқылау

XX ғасыр басында Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан халқына қалай жүгінгенін мына сөйлемдерінде ол қолданған қаратпа сөздерінен көруге болады:

Жұртым, бұл істі құлағыңа тақ! («Қазақ» газеті, 1998: 308).

Бауырларым, ден сау, жас шақтарыңда жұрт үшін шауып қал («Қазақ» газеті, 1998: 342).

Осыны аңғар, жұртым қазақ.

Қазақ-ау! Оян! Мұжық көші жүріп кеткенде жұртта қалып жүрме! (Бөкейхан, 9-т., 2016: 192).

Жүйрік, қыран күшін қиянға салса, жұрт мақсатын орнына апарса, мұнан артық не бақыт бар, бауырлар! (Бөкейхан, 8-т., 2016: 273).

Құрметті аға-іні! Қазақты ақ жолға саламын десек, істің астарын қарастыр, істің сырты жауға бел көрсеткен (Бөкейхан, 8-т., 2016: 349).

Аға-іні, кәрі-жас, Алаштың баласы, бостандық, күрдастық, туысқандық құтты болсын! (Бөкейхан, 9-т., 2016: 177).

Ақсақал аға, азамат іні, отбасы араздық-дауды қой; бірік, жұрт қызметіне кіріс! Алаштың басын қорғауға қам қыл! (Бөкейхан, 9-т., 2016: 274).

Шырақтарым, сендерді мінегенде осылармен бір салып мінесе, не армандарың бар (Бөкейхан, 8-т., 2016: 324).

Көш бастаған ақсақал аға, зиялы іні, жергілікті жұрт қызметін таза атқар!

Жалпы жұртқа мұрындық бол!

Жастар, жұртшылдар, өз бетіңмен іске кіріс!

Хош, қарағым, достым, Кәкіш! («Қазақ» газеті, 1998).

Әлихан орыс тілінде жазған еңбектерінде де қазақшадағы қаратпа сөздерін сол қалпында немесе тіке аударып қолданады. Мысалы: «Казахи, дети Алаша, вы обязаны его поддержать!» (Қазақтар, Алаш баласы, сіздер оны қолдауға міндеттісіздер!). Бұл мысал Ә.Бөкейханның Нұх Рамазанұлының Петербург университетіндегі оқуын жалғастыруына қаржы жинап беру үшін Ақмола, Семей қазақтарына жазған ашық хатынан алынып отыр (Бөкейхан, 5-т., 2016: 379).

Әлихан Бөкейхан еңбектерінен алынған осы мысалдар алаш көсемінің XX ғасыр басында

халқына қалай жүгінгенін, қандай қаратпа сөздерді қолдағанын көрсетеді. Саяси қайраткер «Қазақтар», «Қазақ-ау», «Алаш баласы», «Жұртым», «Жұртым қазақ», ««Аға-іні», «Бауырларым», «Шырақтарым», «Қарағым», «Достым», «Ақсақал аға», «Азамат іні!», «Кәрі-жас», «Жастар», «Жұртшылдар» деген қаратпа сөздерді қолданады.

Біріншіден, саясаткер қолданған қаратпа сөздерінің барлығы тек бір ғана ұлтқа, қазақ халқына арналып айтылады. Қашанда қазақ халқының атынан сөйлеп, қазақтың азаттығы жолында күрескен қайраткер үндеуін де, ақыл-кеңесін де алашына арнайды. Өзгелер не дейді деп аландамай, өз жұртына жүгінеді. Азаттығын аңсап, өзі қамын жеп отырған халқына айтарын ашық айтады. Бұл кезеңде қолдан жасалған ашаршылық пен екінші дүниежүзілік соғыстан, саяси қуғын-сүргіннен жергілікті жұрт қырылып, соғыс жылдарында саяси сенімсіз саналған ұлт өкілдерін жер аудару (депортациялау), тың иегеру желеуімен жерімізге миллиондаған жұмысшыларды әкелу салдарынан қазақ өз жерінде азшылыққа айнала қоймаған еді. Яғни саяси қайраткер өз жұртына, қаймағы бұзылмаған қалың қазағына арқа сүйеді. Негізгі электораты қазақ болғандықтан сөзін де халқына арнап, соған жүгінді.

Екіншіден, саясаткер өз халқын бірге туғанындай жақын тартып, оған өзіміне отырып жүгінді. Ұлттың сондай туыстық, қан жақындығын білдіретін жанына жақын, жүрегіне жылы тиетін сөздерін қолданды. Мәселен, «Бауырларым!», «Шырақтарым!» деген сөздерді бір әкешеден туған аға-іні бірі-біріне немесе ата-анасы көз қуанышы ұл-қызына қаратып, ерекше еміреніспен айтады. «Аға-іні!», «Ақсақал аға!» да сондай етжақын үлкен-кішінің бір-біріне деген құрмет көңілі мен ізетін білдіріп тұрған қолданыстар. «Жұртым!», «Жұртым қазақ!», «Алаш баласы!» деген жүгініс сөздерінде де тегі, атасы бір, қандас бауырларын өзіне барынша жақын тұтатындығын, өзі де солардың арасынан шыққандығын, осы халықтың перзенті екенін білдіреді.

Үшіншіден, саясаткер сөзін барша халыққа бағыттамай, халықтың белгілі бір бөлігіне, жекелеген әлеуметтік топқа арнап айтқанда «Жұртшылдар!», «Зиялы іні!», «Жастар!» сияқты қаратпа сөздерді қолданады. Бұл жерде ұлт көшбасшысы ел ішіндегі жұртқа жетекшілік ете алатын оқыған, зиялы қауымға, жастарға арқа сүйеп, үміт артып, міндет жүктей отырып сөз арнап отырғаны аңғарылады.

Төртіншіден, Әлихан Бөкейхан жүгініс сөздері арқылы жұртына өзінің эмоциясын, ішкі көңіл-күйін, күйініш-сүйінішін де білдіреді. Мәселен, «Қазақ-ау!» деген қаратпа сөзінде кейіс, қалың ұйқыда жатқан жұрты үшін күйініш бар. Ал «Шырақтарым!», «Бауырларым!» деу арқылы сүйінішін, оларды жақсы көретінін, олармен жаны-қаны бір ағайын екенін жеткізіп тұр.

Бесіншіден, Әлихан қаратпа сөздерін бүкіл халыққа да, оның жекелеген топтарына жүгініп, соларға қаратып айтумен бірге, халқының атынан да сөйлейді. Ұлт көшбасшысы көптің атынан сөйлей алады. Мәселен, «Жұртым, бұл істі құлағыңа тақ!» деген сөйлемдегі «жұртым» сөзі І-жақтан айтылып тұр. Әдетте мұндай І-жақтан айтылатын «Уа, халқым!» сынды жүгініс сөзін бүкіл халықтың атынан сөйлеуге қақы бар хан, сұлтан, ірі билер мен әйгілі абыздар айтқан. Мұнда иеленушілік мағына бар. Ондай сөзді елді басқару, оған иелік ету, бас-көз болу, жөн сілтеп, жол көрсету жауапкершілігін мойнына алған, халқының тағдырына жауапты тұлға айта алады. Әлихан сол жауапкершілікті арқалаған Алаш көсемі.

Бұл тұжырымдар алаш көсемі қолданған жүгініс сөздерін жинап, оларды мағынасы мен саясаткердің қолданыс мақсатына қарай топтастырып талдау негізінде жасалып отыр.

Ел азаттығы жолында күресе жүріп шындалған Әлихан Бөкейхан сол кезеңдегі ішкі және сыртқы саяси ахуалды бағамдай алған ірі саясаткер, ұлт көшбасшысы болумен қатар халқының мінезін, психологиясын, оның мәдени-рухани өмірі мен салт-санасын, тұрмыс-тіршілігін, демографиялық жағдайы мен жерінің жайын да өте жақсы білетін жан-жақты білім иесі, озық ойлы оқымысты еді. Сондықтан да ол халқының рухын оятып, оның бодандықтан босап, дербес мемлекет құруға ұмытылуы үшін не істеу керектігін, жұртына не айту қажеттігін де анық білді. Ел ісіне шын берілген, халқына адал қызмет етуді өмірлік мұраты санаған, аса табанды, сөзіне берік тұлғаға жұрты да сенді. Алаш көсемінің үзеңгілестері мен бүкіл ел ішіндегі абырой-беделінің жоғары болуы, ұлт зиялыларының төңірегіне топтасып, оны саяси көшбасшы ретінде мойындауы да тұлғаның қасиеттерімен тығыз байланысты. Ол халқының жігерін қалай жанып, жүрегіне қалай жол табу керектігін өте жақсы білген сұңғыла саясаткер.

Кенес үкіметі орнаған күннен бастап «жолдас» сөзі белсенді қолданысқа көшті. Бұл тілдік бірлік саяси коммуникация кезінде де ең жиі

жұмсалатын, советтік құрылыстың сипатын көрсететін негізгі атаудың біріне, саяси мәні зор сөзге айналды. Кез келген саяси тұлға мінбеге көтерілгенде, көпшілікке қаратып сөз бастағанда оның аузына алдымен ілігетіні осы «жолдас» сөзі болды. Дұрысы олар сол заманның сөйлеу этикетіне сай солай сөйлеуге міндетті еді. Социалистік қоғамдағы қолданыс жиілігі мен саяси мәні жағынан бұл сөз советтік саяси лексиканың *пролетариат, социализм, коммунизм* іспетті негізгі идеологемаларынан кем болған жоқ.

В.И. Лениннен бастап М.С. Горбачевке дейінгі Кеңес көсемдері халық алдына шыққанда сөзін: «Құрметті жолдастар!», «Еңбекші жолдастар!», «Коммунист жолдастар!» деп бастады. Оларға жүгінушілер де «Жолдас Ленин!», «Жолдас Сталин!» деп үн қатты. Осы қатарға: «Жолдас командир!», «Жолдас капитан!», «Жолдас большевик!», «Жолдас төраға!» сияқты жүгініс сөздерін де қосуға болады. Осылайша бұл «жолдас» сөзі саяси, ресми қарым-қатынас барысында Совет қоғамында өмір сүрген азаматтардың жаппай қолданылатын қаратпа сөзі мәртебесіне ие болды. Егер 1920-90 жылдар аралығындағы саяси мәтіндердің жазбаша, ауызша нұсқаларын тіл корпусына жинақтап, сол кезеңнің саяси дискурсындағы қаратпа сөздердің қолданыс жиілігін анықтайтын болсақ, солардың ең басында «жолдас» сөзі тұрады-ау деген болжам шындықтан көп алшақтай қоймайды-ау деп пайымдаймыз.

1964-1982 жылдар аралығында КОКП ОК Бас хатшысы болып одақты ең ұзақ басқарған Л.И. Брежнев негізінен: Жолдастар! Қымбатты жолдастар! Құрметті жолдастар! Қымбатты жолдастар, достар! Құрметті меймандар! (Товарищи! Дорогие товарищи! Дорогие товарищи и друзия! Дорогие друзья! Уважаемые гости!) (Брежнев, 1970: 400) деген қаратпа сөздерді қолданған.

Д.А. Қонаевтың 1965-1978 жылдар аралығындағы баяндамалары мен сөйлеген сөздері қамтылған «Таңдамалы сөздер мен мақалалар» атты еңбегін сүзіп шыққанда мемлекет қайраткерінің: Жолдастар! Қымбатты жолдастар! Құрметті жолдастар! Қымбатты жолдастар, Достар! Қадірлі жолдастар! Депутат жолдастар! Қымбатты комсомолецтер! Орталық Комитетке мүше жолдастар! сондай-ақ жекелеген саяси тұлғаларға қатысты Қымбатты Леонид Ильич!, Қымбатты Цеденбал жолдас! Қымбатты Батмунх жолдас, Қымбатты Герек жолдас! (Қонаев, 1978: 540) деген қаратпаларды қолданғанын көрдік.

Мәселен, Д.А. Қонаев 1986 жылғы 6 ақпанда Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің Қазақстан Коммунистік партиясының XVI есепті баяндамасында: «Жолдастар!» қаратпасын 15 рет, «Делегат жолдастар!» тіркесін 3 рет қолданады.

1980 жылы 16 ақпанда Қазақ ССР Жоғары Советінің депутаттығына кандидат Д. Қонаев ел ішіне Бақанас селосына барып, сайлаушыларымен кездескенде де: «Қымбатты жолдастар!» және «Жолдастар!» деген қаратпа сөзді қолданады.

Бұл сөз тек саяси дискурста, ресми мәтіндерде ғана емес кеңес заманында жазылған немесе кеңестік өмір суреттелген көркем шығармалар мен баспасөз беттерінде де өте жиі қолданылды.

«Ал, жолдастар! Аттарды осы арада ағытып, сарығын бастырамыз да, жақсылап шалдырамыз».

«Әкесінен» деңіз, жолдас мұғалім», – деді Нұрбек, Балқаштың сөзін бөліп, «шешесінен» деменіз!» (Мұқанов, 2006: 520).

Осы мысал алынып отырған «Қазақ тілінің ұлттық корпусында» С. Мұқановтың бір ғана «Мөлдір махаббат» романында «жолдас» сөзі 29 рет қолданылғанын көрсетеді. Ал сол кезеңде жарық көрген бүкіл саяси, көркем, публицистикалық мәтіндердің бәрін сүзіп шығатын болсақ, мұндай мысалдардың жүздеп, мыңдап табылары сөзсіз.

Совет билігі актив қолданысқа енгізген бұл сөз 70 жыл Совет Одағымен бірге жасасып, ақыры күйреген одақпен бірге тарих сахнасынан жылыстап, пассив сөздер қатарына барып қосылды. Кейде осы бір ғана «жолдас» сөзі бізге советтік қоғамдағы ресми қатынастың, билік пен халықтың арасындағы қарым-қатынастың тілден көрініс тапқан жарқын үлгісі, айқын сипаты, тұтастай бір кезеңнің, саяси-әкімшілік жүйенің сөз символы сияқты болып көрінеді.

КСРО құлаған күннен бастап, «жолдас» сөзін алмастыратын жаңа заманға лайық қаратпа сөз қарастырыла бастады. Советтік социалистік құрылыстың орнына нарықтық қатынасқа негізделген капиталистік қоғам құруға бет алғандықтан енді бізге осы типтес қоғамда қолданылып жүрген «ханым» мен «мырза» сөзі лайық деп табылды. Сөйтіп бізде 90-жылдардан кейін саяси қайраткерлер мен ресми тұлғалар халыққа «Құрметті ханымдар мен мырзалар!» деп жүгіне бастады. Бай, құлақ та, бек пен сұлтан да, ханым мен мырза да емеспіз, бәріміз теңбіз, тең құқықты еңбекші, шаруамыз деп үйренген қалың бұ-

қара алғашқыда бұл сөзді тосырқай қабылдады, тіпті құлағына түрпідей тиді. Мырзалары мен ханымдарын қанаушы таптың өкілі деп қамап, тәркілеп аяусыз жазалалау арқылы халық санасында олардың жексұрын бейнесін қалыптастырған қоғамда өмір сүрген совет адамдары бірден ханым мен мырза болуға асықпады, тіпті оған үрке қарады. Жетпіс жылда «мырза» мен «ханым» сөзінің жағымсыз мағынасын қалыптастырған советтік идеология, советтік әдебиет тәрбиесі әбден сіңген жұртшылық санасын өндірісі күйреп, колхоз-совхоздары тарап, кәсіпорындары жекешеленіп, күн көру үшін көпшілік жаппай сауда-саттықпен айналысып кеткен жабайы капитализм біртіндеп өзгерте бастады. Алып-сатуды меңгеріп, жекешелендіруді тиімді пайдалану арқылы жаңа заманға бейімделгендер арасынан тұрмысы кешегі советтік қоғамда бірге жүріп, бірдей өмір сүрген замандасынан гөрі материалдық, әлеуметтік жағдайы күрт жақсарғандар енді шын мәнінде өздерін мырза мен ханым сезіне бастады. Жұрт көзін тауып баюға, дәулетті, сәулетті өмір сүруге ұмтылуға көшті. Пайда табу, баю ендігі жерде «алыпсатарлық», «пайдакүнемдік» емес, жағымды іс – іскерлік, табыскерлік саналатын болды. Қоғам өміріндегі осындай өзгерістер негізінде «ханым» мен «мырза» сөзі тіліміздегі о бастағы жағымды мағынасын қайта тапты. Соған сәйкес бұл сөздер ең биік мінберлерден көпшілікке қарата ресми түрде айтылатын қаратпа сөздерінің қатарына қосылып, қолданыс жиілігі едәуір артты.

Экс-президент Н.Ә. Назарбаев 2002 жылға дейінгі алғашқы жолдауларын орыс тілінде жасады. Бұл да сол кездегі тілдік ахуалдан хабардар етеді. Осы бастапқы төрт жолдауда Президент: Дорогие сограждане! (1997), Уважаемые депутаты, дорогие гости, сограждане! (1998), Уважаемые соотечественники! (1999), Уважаемые депутаты! Дорогие казахстанцы! (2001) деген қаратпа сөздерді қолданады.

Ал қазақ тіліндегі жолдаулар тек 2002 жылдан басталды. Сол жолдауларында Н. Назарбаев: Құрметті депутаттар! Қадірлі отандастар! (2002), Қымбатты отандастар! Құрметті депутаттар! (2003), Қымбатты қазақстандықтар! (2004), Құрметті қазақстандықтар! Ардақты ағайын! (2005), Қымбатты қазақстандықтар! Құрметті депутаттар мен Үкімет мүшелері! Ханымдар мен мырзалар! (2006, 2007, 2012), Құрметті қазақстандықтар! (2008), Сөз басында: Қадірлі қазақстандықтар! Қымбатты менің отандастарым! соңына қарай: «Қадірлі әлеумет! Отандас-

тарым!» (2009), Қадірлі отандастар! Құрметті депутаттар мен Үкімет мүшелері! Ханымдар мен мырзалар! (2011), Сөз басында: «Қымбатты қазақстандықтар!», сөз соңына қарай: «Қадірлі халқым!» (2014), Сөзін бастағанда: «Қымбатты қазақстандықтар! Құрметті Парламент депутаттары мен Үкімет мүшелері! Ханымдар мен мырзалар!», сөз соңына қарай: «Кәсіпкерлер, іскер азаматтар!», «Қазақстанның жас азаматтары!» (2015), Құрметті қазақстандықтар! (2017, 2018), соңғы жолдауында: Құрметті отандастар! Құрметті депутаттар, үкімет мүшелері (2019) деген қаратпа сөздерді қолданады.

Сонымен Н. Назарбаев 2006-2018 жылдар аралығындағы жолдауларында *қазақстандықтар, отандастар, отандастарым, ханымдар мен мырзалар, халқым, әлеумет, кәсіпкерлер, іскер азаматтар, депутаттар, Үкімет мүшелері* деген сөздерді қолданады. Бұлардың арасынан халыққа жүгінгенде негізінен *қазақстандықтар, отандастар, отандастарым, ханымдар мен мырзалар* сөздерін жиі пайдаланған.

Ал қазіргі президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» деп аталатын жолдауында: Қымбатты отандастар, Қадірлі қауым, ал 2022 жылғы 01 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауында: Құрметті отандастар, Қадірлі депутаттар және Үкімет мүшелері, Құрметті Парламент депутаттары, Қадірлі отандастар (2022), ал «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» деп аталған жолдауында сөз басында: Құрметті отандастар, Қадірлі депутаттар және Үкімет мүшелері, Құрметті депутаттар, «Құрметті отандастар! сөз соңына қарай: Қадірлі отандастар! (2023) деген қаратпа сөздерді қолданады.

Мемлекет басшысы төрт Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөздерінде: Құрметті қауым, Қадірлі қауым, Ардақты ағайын, Құрметті достар, Құрметті Құрылтайға қатысушылар, Құрметті жиналған қауым, Құрметті жиынға қатысушылар деген жүгініс сөзін қолданады.

XX ғасырдағы саяси өзгерістер саяси лексикаға, соның ішінде сөз болып отырған үш кезеңде қолданылған қаратпа сөздердің алмасуына да себеп болғанын көрсетіп отыр. Жалпы саяси лексика тілдің өзгеріске бейім қабаты саналады. Қоғам өмірінде елеулі саяси өзгерістер болғанда белсенді қолданылған кейбір сөздердің орнын басқа сөздер басады. Оның да түрлі себептері бар. Мәселен, саяси лингвистика саласын арнайы зерттеген белгілі ғалым А.П. Чудинов: «Мұн-

дай өзгерістер көбінесе әр түрлі саяси күштердің саяси жүйенің түбегейлі жаңарғанын көрсеткісі келетіндігінен болады» (Чудинов 14: 94) – дейді.

Тілдің дамуындағы әр кезеңнің өзіндік сипаты, сол уақытта өмір сүрген тілдік қауымдас-тықтың өзіне тән сөз қолданыс ерекшеліктері болады. Мұндай өзгешеліктер саяси дискурстан да айқын аңғарылады. Осы мәселені зерттеуде лингвист ғалымдар саяси эвфемизмдер мен метафоралардың қолданысына көбірек тоқталып-ты. Тілдің бір ғасырлық даму тарихындағы саяси дискурсты әр кезеңнің өзіне тән саяси-мәдени, тарихи ерекшеліктерін ескере отырып зерделей бастасақ, тілдік бірліктердің арасында қаратпа сөздердің де алатын орны айрықша екенін атап айтуымыз керек. Оған түрлі саяси курс ұстанып, әркім саяси идеологияны басшылыққа алған үш кезең көрнекті тұлғаларының сөзінен жиналған жоғарыдағы мысалдар, тілдік деректер айқын дәлел бола алады деп ойлаймыз. Саяси дискурста қолданылған қаратпалардың әр уақытта өзгеріп отыруының себептері бар. Оларды сол заманның, қоғамның сұранысына сай деп санаған билеуші элита мен зиялылары бекітіп, қолданысқа енгізеді. Ескірді немесе уақыт талабына жауап бермейді дегендерін тілдік қолданыстан ығыстырып шығарады. Мәселен, XX ғасыр басында қолданған «жұртым», «бауырларым», «Алаш баласының» орнына совет жұрты жаппай қолданатын «жолдастың» келуі, 90-жылдардан кейін «жолдас» сөзінің қолданыстан шығып, оның орнын – «қазақстандықтар», «отандастар», «қауым» сөздерінің басуы соның айқын дәлелі. Мұндай өзгерістердің артында саяси ұстаным, идеологиядан бөлек соған қайшы келмейді деп танылған саяси әдеп пен тілдік такт мәселесі де тұр. Тілдік жүйеге енгізілген мұндай тілдік бірліктер дәл сол кезеңде бейтарап немесе жағымды бағалауыштық мәнге ие болуға тиіс еді (Терминасова, 2018: 262).

Біртұтас «совет халқы» деген түрі ұлттық болмысы социалистік халықты қалыптастыруды көздеп отырған КСРО-ның идеологиясына «жұртым», «Алаш», «бауырларым» сияқты бір ұлттың танымына негізделген этномәдени лексика, ұлттық бояуы басым сөздер керек болмады. Ал кейінірек советтік Қазақстанның саяси тұлғалары да өз жерінде азшылыққа айналған қазақты өзгелерден бөліп-жарып, алашты айрықшалап, оған «қазағым», «жұртым» деп жүгіне алмады. Сөз болып отырған кезеңдерде қолданылған және қазір де қолданылып отырған қаратпа сөздерді өзара салыстырып, олардың

мағынасы мен жұмсалған уақытына мән берсек, саяси дискурстағы олардың ерекшеліктері мен заманына тән сипатын аңғару қиынға соқпайды.

Төмендегі кестеде қарастырылып отырған кезеңдерде ең жиі қолданылған қаратпа сөздер сол мақсатпен беріліп отыр (1-кесте):

1-кесте – Қаратпа сөздер қолданысының кезеңдік сипаты (саяси дискурс негізінде)

XX ғасыр басы (Ә. Бөкейхан)	1920-1991 жылдар (Л. Брежнев, Д. Қонаев)	1991 – қазіргі уақыт (Н. Назарбаев, Қ. Тоқаев)
Алаш баласы, қазақ, қазақ-ау, жұрт, жұртым, аға, іні, бауырларым, аға-іні, шырақтарым, кәрі-жас, ақсақал, жастар	Жолдас, жолдастар, достар, меймандар	Қауым, ағайын, қатысушы, ханым, мырза, халқым, отандас, қазақстандық, әлеумет, дос, қатысушы, депутат, үкімет мүшесі
Қазақ-ау! Қазақтар! Жұртым қазақ! Бауырларым! Шырақтарым! Алаш баласы! Ақсақал аға! Азамат іні! Жастар! Жұртшылдар! Кәрі-жас! Құрметті аға-іні!	Жолдастар! Қымбатты жолдастар! Қымбатты жолдастар, достар! Қымбатты жолдастар мен достар! Қымбатты достар! Құрметті жолдастар! Еңбекші жолдастар! Коммунист жолдастар! Депутат жолдастар! Жолдас Ленин! Жолдас Сталин! Жолдас командир! Жолдас большевик! Жолдас төраға!	Құрметті қауым! Қадірлі қауым! Қадірлі отандастар! Құрметті отандастар! Қадірлі қазақстандықтар! Қымбатты қазақстандықтар! Қадірлі халқым! Ардақты ағайын! Қымбатты менің отандастарым! Құрметті достар! Құрметті жиналған қауым! Құрметті жиынға қатысушылар! Құрметті Үкімет мүшелері! Құрметті депутаттар!

Ел тарихының осы үш кезеңінде саяси көш-басшылар қолданған қаратпа сөздерді салыстырып қарар болсақ, олардан уақыт тынысы, заман келбеті, қоғам бейнесі, саяси ахуал және халықпен билік арасындағы қатынас көрінеді. XX ғасыр басында саясат сахнасында шыққан Әлихан Бөкейхан халқымен араға бөгет қоймай, билікпен бұқара арасында қашықтық сақтап қатаң ресми қатынас орнатпай өз ағайын-туғандарымен, жақындарымен сөйлескендей еркін үн қатады, ашық сөйлеседі. Елге *Бауырларым*, *Шырақтарым*, *Аға-іні*, *Ақсақал аға* деп жүгінуі соны көрсетеді.

Саясаткер жасанды, жаңа, ресми қаратпаларды емес, халық тіліндегі қолданысы орныққан, қалың қазақ бір-біріне үнемі айтып жүрген дәстүрлі сөздер мен сөз тіркестерін қолданады. Саясаткердің мұндай сөздерді пайдалануы оның ел-жұрттан алшақтап кетпегенін, жұртпен бірге, жақын екенін сезіндіріп, көпшіліктің оған деген сенімін арттыра түседі.

Бір байқалғаны күнделікті өмірде жиі қолданылатын *Бәке*, *Асқарбек*, *Сәулеш*, *Қадыр Бекенұлы* сынды жалқы есімдер мен *қалқам*, *балақай*, *ақсақал*, *апай*, *әжсей*, *қарындас*, *інішек*, *әріптестер*, *оқушылар*, *балалар*, *студенттер* сияқты

сан түрлі қаратпа сөздер біреудің немесе бір топ адамның назарын аудару, өзіне қарату үшін қолданылса, саяси дискурстағы қаратпалар жай ғана жұрт назарын аударудан бөлек үлкен саяси мәнге ие болып, бірнеше дискурстық топқа, тұтас бір елдің санасына, психологиясына әсер ететін саяси коммуникация құралы ретінде пайдаланылады.

Оның жарқын мысалын советтік идеология, қызыл билік ұлттың басын біріктіретін, этнос мүшелерінің қандас, тектік-туыстық жақындығын, тарихи тамырластығын, рухани-мәдени кеңістігінің бір екендігін айшықтайтын *алаш*, *қазақ*, *бауыр*, *аға-іні* сияқты этномәдени лексиканы, ұлттық санаға әсері күшті қаратпаларды қолданыстан ысырып, оның орнына бәрін бірдей көретін қасаң, ұлттық бояудан жұрдай ресми сөз «жолдасты» енгізуінен көруге болады.

Бұл сөздің совет халқының ресми қарым-қатынаста жаппай қолданысқа енуінің де өзіндік тарихи-саяси себебі бар. Совет көсемдері мәдениеті, тілі мен салт-дәстүрі әртүрлі одақ халқын «совет халқы» деген біртұтас ұлт ретінде көріп, оларды бөліп-жармай бәріне бірдей қарайтынын көрсету үшін, осындай бейтарап ресми қаратпа сөзді таңдады. Түрлі ұлтпен ұлыстан құралған

одақ азаматтарының да бірін-бірі бөлектемей, бір-бірінен өзгешеленбей біртұтас ел екенін сезінуі үшін де осындай ортақ қаратпаны енгізу қажет деген тоқтам жасалды.

Қазіргі қазақ қоғамы ХХ ғасыр басындағыдай бір тілде сөйлейтін моноұлтты ел емес. Мақсатты түрде жасалған түрлі әкімшілік, саяси-экономикалық, мәдени өзгерістерден кейін оның ұлттық құрамы өзгерді. Елімізде осы жердің байырғы тұрғыны қазақ ұлтынан өзге көптеген этнос өкілдері өмір сүреді. Мәдени, тілдік кеңістігіміз де бірыңғай деуге келмейді. Тіпті қазақ ұлтының өзі жаппай ана тілінде сөйлеп, өз тілінде білім мен тәрбие алып, біртұтас ұлт ретінде төл мәдениетінің төңірегіне топтасып отырған жоқ. Әр түрлі ұлттың өкілі болып саналатын ел азаматтары ұл-қыздарын өз тілдерінде тәрбиелеп, білім беріп, бірнеше тілде ақпарат алып, таратып отыр. Мемлекет құрылымы да ХХ ғасыр басындағыдан ауқымды, күрделі. Халықтың түрлі әлеуметтік топтары, мемлекет құрылымын айқындайтын билік институттары қалыптасты. Сондықтан да мемлекет басшысынан бастап барлық билік өкілдері, саясаткерлер жалпы халыққа немесе оның белгілі бір әлеуметтік топтарына жүгінгенде, оларға қарата сөз айтқанда елдегі саяси, мәдени, тілдік ахуалды ескермей тұра алмайды. Қазіргі саясаткерлердің негізінен қай ұлттың өкілі, қандай дінді ұстанатынына қарамастан барлығы тең құқылы бір елдің азаматы екенін білдіретін *қазақстандықтар, отандастар, қауым* деген қаратпаларды жиі қолдануының себебі осында жатыр. Ал «ағайын» қаратпасы негізінен қазақ ұлтының өкілдері жиналған, ұлттық мәселелер сөз болған жерде қолданылған. *Ханымдар мен мырзалар, достар* деген қаратпалар алқалы жиындарда ресми билік өкілдері тарапынан көп қолданыла бермейді. Н. Назарбаев «халқым» деп тек 2014 жылғы жолдауында ғана бір-ақ рет қолданыпты. «Әлеумет» сөзін де саясаткерлер жиі пайдаланбайды.

Бір ерекшелігі 90-жылдардан бергі тәуелсіздік кезеңінде биік мінберлерден айтылатын қаратпалар қатары кеңестік кезеңдегіге қарағанда едәуір артқан. Таңдау мүмкіндігі, әралуандық болғандықтан оларды қолдануда едәуір еркіндік бар. Алайда ХХ ғасыр басында қолданылған қаратпалармен салыстырғанда олардың ресмилік, бейтараптық сипаты әлдеқайда басым.

Ә. Бөкейхан ХХ ғасыр басында екі сөздің тіркесуінен тұратын *зиялы іні, ақсақал аға* сынды қаратпалардан гөрі *жұртым, бауырларым, шырақтарым, қазақтар, жұртшылар* сияқты

жеке сөз немесе *аға-іні, көрі-жас* сияқты қос сөздерді көбірек қолданады. Ал «күрметті» сын есімін (Күрметті аға-іні!) өте сирек қолданған. Ал кеңестік кезең мен бүгінгі уақытта керісінше, бір сөзден тұратын қаратпалар жоқтың қасы. Негізінен сөз тіркесі түріндегі қаратпалар ғана кездеседі. Қазіргі кезеңде саяси дискурста қолданылатын қаратпалардың барлығы дерлік *құрметті, қадірлі, ардақты, қымбатты* сөздерінен басталады. Аудиторияны, электоратты қошеметтеп, көтермелей сөйлеу арқылы олардың күдігін сейілтп, ішкі наразылығын, сыни интенциясын бәсеңдету, жұрт назарын қоғамдағы қордаланған, бүгін шешімін тапаған күрделі мәселелерден гөрі спикердің өзі көтеріп отырған, алдағы уақытта, болашақта шешімін табады деген мәселелерге көбірек аудару мақсатты көзделеді. Бұл сын есімдер бүгінгі саяси дискурс этикетінің дәстүрге айналған бөлінбес бөлшегі, маңызды сыңары саналады.

Қаратпалардың саяси дискурстағы әлеуетін зерттеген Д. Труханова мұндай дәстүрге айналған этикет сөздер көбінесе айрықша митигативтік тактиканы жүзеге асыру үшін жұмсалатынын айта келіп, оларды саяси дискурстағы митигация (жұмсарту) құралдарының қатарына қосу қажеттігін айтады (Труханова, 2019: 214).

Қаратпаларды таңдау, саяси дискурста қолдану кезінде бүкіл қоғамның немесе белгілі бір әлеуметтік топтың білімі, мәдени деңгейі, әлеуметтік-экономикалық жағдайы ескеріледі. Айталық, жалақысының төмендігі мен әлеуметтік жағдайының сын көтермейтіндігіне наразылық білдіріп, талап қойып отырған мұнайшы немесе шахтерлармен сөйлесуге барған ресми билік өкілі сөзін: «Ханымдар мен мырзалар!» деп бастаса, мұндай жүгіністі олар кемсіту, кекету деп түсініп, жағдай одан да ушығып кетуі мүмкін.

Қорытынды

Бір қарағанда осындай қарапталар арнайы тоқталып, зерттеуді қажет ете қоймайтын бір ауыз сөз ғана болып көрінуі де ғажап емес. Алайда іс жүзінде мұндай сөздердің арқалайтын жүгі өте салмақты. Шаршы топ алдына сөйлейтін әр саяси тұлға, қайраткер, ресми билік өкілі «Бір ауыз сөз жан тетігін тауып, Бір ауыз сөз мың әуреке салатынын» (К. Салықов) әрқашан есте ұстағаны жөн. Сондықтан қарапталарды таңдау, оларды қолдану мәселесі саяси коммуникация, әлеуметтік психология, психоллингвистика, әлеуметтік лингвистика, саяси лингвистика түр-

ғысынан қарап, саяси технология әдіс-тәсілдеріне сүйеніп, қоғам болмысын, көпшілік психологиясын ескере отырып шешіледі. Үш кезеңге бөлініп қарастырылып отырған XX ғасырдың басынан XXI ғасырдың бірінші ширегіне дейінгі уақыт аралығында қолданылған және қазір де саяси дискурста, ресми қарым-қатынаста қолда-

нылып отырған қаратпалар соның айқын дәлелі бола алады.

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын «AP23487260 – Алаш қайраткерлері және XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілінің тарихы» жобасы аясында жазылды.

References

- Baranov, A., Karaulov, Yu. (1994). Slovar' Russkikh politicheskikh metafor [Dictionary of Russian Political Metaphors]. Moscow. (in Russian)
- Bokeikhan, A. (2016). Shygarmalary 5 V. [Works]. Astana. Saryarqa. (in Kazakh).
- Bokeikhan, A. (2016). Shygarmalary 8 V. [Works]. Astana. Saryarqa. (in Kazakh).
- Bokeikhan, A. (2016). Shygarmalary 9 V. [Works]. Astana. Saryarqa. (in Kazakh).
- Brezhnev, L. (1970). Molodym stroit kommunizm [Young – builds communism]. Moscow. Politizdat.
- Brezhnev, L. (1981). Lenin zholyumen: Sozder, kuttyqtaular, maqalalar [Lenin's way: words, congratulations, reports]. Almaty. Qazaqstan. (in Kazakh)
- Kazak gazetі [Kazakh newspaper] (1998). Almaty. Qazaq entsiklopediasy. (in Kazakh).
- Konaev, D. (1978). Tandamaly sozder men makalalar [Selected words and articles]. Almaty. Qazaqstan. (in Kazakh).
- Konaev, D. (1986). Qazaqstan Kompartiasynyn Ortalyk Komitetinin Qazaqstan Kommunistik partiasynyn XVI esepi baiandamasy [XVI report of the Communist Party of Kazakhstan of the Central Committee of the Communist Party of Kazakhstan]. Almaty. Qazaqstan. (in Kazakh).
- Konaev, D. (1980). Lenindik partianyn tuy astynda [Under the banner of the Lenin party]. Sotsialistik Qazaqstan, Vol. 41. (in Kazakh).
- Mukanov, S. (2006). Moldir makhabbat [Transparent love]. Almaty. Atamura. (in Kazakh)
- Nazarbaev, N.A. (2002). Qazaqstan halqyna zholdauy [Address to the people of Kazakhstan]. (in Kazakh)
- Terminasova, S. (2018). Til zhane madenietaralyq kommunikatsia [Language and intercultural communication]. Almaty. Ul'tytk audarma byurosy. (in Kazakh)
- Tokaev, K.K. (2023). Memleket basshysy Tokaevtin Turkistandagy Ul'tytk kuryltaida soilegen sozi [Speech of President K. K. Tokayev at the National kurultai in Turkestan]. (in Kazakh).
- Tokaev, K.K. (2019). Prezident K. Tokaievtin Qazaqstan halkyna zholdauy [Address of the president of Kazakhstan K.K. Tokayev to the people of Kazakhstan]. [Electronic resource]. URL: <https://www.akorda.kz/kz/addresses> (Date of use: 12.05.2024) (in Kazakh).
- Truhanova, D. (2019). Mitigativnyi potentsial obrasheniya v institutsional'nom politicheskom diskurse [The meditative potential of conversion in institutional political discourse]. Filologicheskie Nauki [Philological sciences]. Vol. 12. Iss. 11. P. 211-215. (in Russian).
- Chudinov, A. (2018). Politicheskaya lingvistika [Political linguistics]. Moscow. Flinta. (in Russian).
- Chudinov, A. (2003). Metofoicheseskaya mozaika v sovremennoy politicheskoy kommunikatsii [Metaphorical mosaic in modern political communication]. Ekaterinburg. Ural. (in Russian).
- Sheigal, E. (2000). Semiotika politicheskogo diskursa [Semiotics of political discourse]. Moscow. Peremena. (in Russian).
- Chomsky, N. (1988). Language and Politics. Montreal and New York.
- Lasswell, H.D., Leites, N. (1949). Language of politics: Studies in quantitative semantics. N.Y. Sewart, Vol. VII.

Автор туралы мәлімет:

Құрманбайұлы Шерубай – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА Академигі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: sherubaykurmanbaiuly@gmail.com).

Information about author:

Kurmanbayuly Sherubay – Doctor of Philology, Professor, Academician of NAS RK, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: sherubaykurmanbaiuly@gmail.com).

Сведения об авторе:

Құрманбайұлы Шерубай – доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (г. Алматы, Казахстан, e-mail: sherubaykurmanbaiuly@gmail.com).

*Келіп түсті: 2 қыркүйек 2024 жыл
Қабылданды: 1 наурыз 2025 жыл*